

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары–19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110- летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т.ІІ,Ч.ІІ.- Б. 33-35.

**ӘОЖ 332.363**

## **КАДАСТР ЖӘНЕ ЖЕР МОНИТОРИНГІНІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Қуандық А.М., 2 курс студенті*

*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Баяндаманы бастаған сәтте міндетті түрдебастапқы кезеңде көптеген сұрақтар пайда болды. Бұл баяндаманы зерттеу міндетіне келетін болсақ, ол кадастр қызметін жүзеге асыру, оның маңызы мен міндеті, жер мониторингі ақпарат көздерін іздеу әдісі сондай-ақ баяндаманың мазмұнымен және олардың қазіргі таңда пайда болған заманауи мәселелері, оны қалай шешу жолдары мен әдістері мен ғылыми жұмысты қорғау болып табылады.

Жер кадастры — мемлекет аумағындағы жер ресурстарының табиғи және шаруашылық жағдайы мен оларды бағалау туралы мағлұматтар жүйесі. Жер телімдерінің орналасқан жері, онда орналасқан нысандары, оның пайдаланылуы, ауданы мен шекарасы, сапалық сипаттамасы, жер пайдалану есебі мен жер телімдерін бағалау жер кадастрының мәліметтері жүйесіне кіреді. Мемлекеттік жер кадастрының деректері жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлаған, жерге орналастырған, шаруашылық қызметін бағалаған, жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да шараларды жүзеге асырған кезде сүйенетін негіз яғни, деректер жүйесі болып табылады. Ол деректер жер үшін төлем мөлшерін анықтау кезінде, құқықтық және басқа кадастрды жүргізген кезде пайдаланылуы қажет.

Қазіргі заманғы заманауи шетелдік кадастрлық жүйелер мемлекеттік басқарудың негізгі элементі болып табылады. Себебі оның жүргізу әдістері, қолданылуы, ақпараттық өзара іс-қимыл және әлемде бәсекеге қабілетті экономиканы құру мен оны жаңғыртуға, оны одан әрмен нығайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ кадастрлық жүйе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді[1].

Қазіргі заманғы кадастр жүйесі бір-бірімен сәйкес келмейтін, өзара байланысты элементтердің күрделі жүйесі болып табылады. Ал ол бізге орын алған проблемаларды шешуге кедергі жасайды. Бұл экологиялық және жер мониторинг жүйесінің дұрыс атқарылмағандығы мен оның жоқтығын көрсетеді.

Жерді ұтымды пайдалану және жерді пайдалануды ғылыми қамтамасыз ету жүйесін дамыту қазіргі заманғы күрделі мәселе болып табылады.

Сонымен қатар осы сала үшін кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі мен оларды дайындауда заманауи мәселе болып табылады[2].

Қазіргі уақытта елімізде жер қатынастарын реттеу мәселелерімен айналысатын бірде-бір мамандандырылған ғылыми мекеме жоқ. Ұтымды жерге орналастыру мен жер пайдалануды ұйымдастыру, және кейбір жоғарғы оқу орындарындағы бар бөлімшелер шағын және нашар жабдықталған.

Жалпы менің ойымша, бұл мәселелерді кешенді түрде іске асыру арқылы шешуге болады.

Ал енді соңғы уақыттағы, кадастр саласындағы заманауи мәселелерге келетін болсақ:

- Ерекше қорғалатын аумақтар туралы ақпараттың болмауы;
- Елді мекендердің және арнайы аймақтардың нақты шекаралары туралы геодезиялық және картометриялық мәліметтердің болмауы;
- Кадастрлық қателер мен жылжымайтын объектілер туралы ақпараттағы қателер;
- Қолданыстағы геодезиялық базаның сапасының төмен деңгейі;
- Ескірген картографиялық материалдар;
- Кадастрлық қызметтердің құны[3].

Жер мониторингі - бұл болып жатқан өзгерістерді уақытылы, дер кезінде анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен оның зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін жер қорының сапалық және мөлшерлік жай-күйін базалық (бастапқы), жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

Жер мониторингінің объектісі Қазақстан Республикасының барлық жерлері болып табылады.

Жер мониторингі жерлердің және олардың жай-күйін сипаттау мен бағалаудың негізгі ақпарат көзі болып есептеледі. Ақпарат ретінде жер мониторингінің негізгі мәселелі жүйесі - бірінші кезекте жерлерде болып жатқан процестерді талдау[3].

Жер қорының жай-күйіндегі өзгерістерді анықтауға негіз ретінде өзінің ақпараттық базасы болған жағдайда ғана жер ресурстарының мониторингін тиімді жүзеге асыруға болады. Осы мәселені шешу үшін мониторингтің автоматтандырылған деректер банкі құрылуда. Бұл ақпараттық жүйе төменнен жоғарыға қарай яғни, аудандардан, облыстардан және республикалық деңгейге дейін мониторингтің әртүрлі бағыттарының нәтижелеріне қарай – базалық, аумақтық желіде, аймақтық және жергілікті деңгейде қалыптастырылады[4].

Соңғы екі онжылдық ішінде әлемдік кадастрлық жүйелер техникалық прогрестің және ақпараттандыруды қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларына енгізу мақсатында жаңғыртылды және қайта құрылды. Осы кадастрлық жүйенің қайта құруларының болашақта күтілетін нәтижесіне келетін болсақ,

- жер учаскесі туралы толық ақпаратқа жылдам әрі оңай қол жеткізуді,
- жылжымайтын мүлік объектілеріне меншік құқықтарын қорғау мен оны тиімді іске асыруды,
- салық салу үшін аумақты қамтитын кешенді база жасау мақсатында қарапайым және тиімді ақпараттық жүйе құру[5].

Сонымен қорытындылай келгенде, қазіргі заманғы жерге байланысты кадастр сондай-ақ жер мониторингінің бүгінгі күнге дейін туындаған негізгі проблемаларды көрсетеді.

Мақаланың негізгі мақсаты осы туындаған проблемалардың алдың алу мен оны қайта туындауын тоқтату болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Bennett, Rohan Mark Land Administration As-A-Service: Relevance, Applications, and Models[Text]/ Bennett, Rohan Mark;Donovan, Jerome;Masli, Eryadi;Riekkinen, Kirsikka<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85146594351&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=659d005ead1734b2810af3245ff6d0aa&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28land++cadastre%29&sl=28&sessionSearchId=659d005ead1734b2810af3245ff6d0aa>

2 Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға - 2021.- Т.1, Ч.3 - С.234 – 236.

3 Варламов, А.А. Земельный кадастр. Управление земельными ресурсами [Текст]: учеб. и учеб. пособия для вузов/под. ред. А. А. Варламов // - М. : КолосС, 2005. - 528 с.

4 Б.С.Оспанов, З.Д.Дюсенбеков Мониторинг земель в Республике Казахстан(состояние и перспективы развития)[Текст]: - Астана:ГосНПЦзем, 2001.-104 с.ISBN 5-7667-8011-6[Электрондық ресурс]. - URL:[http://www.cawater-info.net/bk/land\\_law/files/ospanov-dyusenbekov.pdf](http://www.cawater-info.net/bk/land_law/files/ospanov-dyusenbekov.pdf)

5 Синица Ю. С. Анализ мировых земельных кадастровых систем [Текст]/ Имущественные отношения в РФ. 2014. -№10 (157).[Электрондық ресурс].

*Ғылыми жетекшісі: магистр ғылымы, аға оқытушы Канетова А.С.*